

## "Красноярск комбайндар зауыты" акционерлік қоғамы өндірісінің астық жинаушы комбайндары үшін есеп айырысулар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 513

"Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының вексельдерін өтеуді және басқа да мерзімді міндеттемелері бойынша есеп айырысуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1."Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы бір ай мерзімде Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 3 шілдедегі N 316 өкіміне сәйкес "Красноярск комбайндар зауыты" акционерлік қоғамынан өзі сатып алған 202 астық жинайтын комбайндарын, сондай-ақ "Красноярск комбайндар зауыты" акционерлік қоғамының "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы алдындағы берілмеген техника үшін беру сәтіндегі теңгенің АҚШ долларына баламы бойынша 100 160 186 (жүз миллион жүз алпыс мың жүз сексен алты) теңге сомасындағы және Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы алдындағы 62 комбайн бойынша қарыздарын талап ету құқығын зандарда белгіленген тәртіппен берсін. <\*>

Комбайндар үшін ақы төлеу баланстық құны бойынша, сақтау орнына дейін жеткізу шығындарын қоса, сақтау шығындарын есептеусіз жүзеге асырылады деп белгілесін.

Комбайндарды Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына өткізген сәтке дейін сақтау үшін ақы төлеуді қабылдау-өткізу актісіне сәйкес "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 1-абзацы жаңа редакцияда - ҚРУ-нің

1997.09.02. N 1318 қаулысымен. Р971318\_

2. Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына "Енисей" маркалы 264 астық жинайтын комбайндарының олардың жинақтылығын ескере отырып, құнына төлем жасау бойынша 1 166 229 086 (бір миллиард жүз алпыс алты миллион екі жүз жиырма тоғыз мың сексен алты) теңге мөлшеріндегі шығынына, сондай-ақ осы қаулының 1-тармағында аталған "Красноярск комбайндар зауыты" акционерлік қоғамының "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына берешегіне өтем жасасын".

"Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы республикалық бюджетке 1996 жылы мемлекеттік ресурстарға астық сатып алуға

бөлінген қаражатты қайтару бойынша республикалық бюджетке берешегін өтеу есебіне 1 266 389 272 (бір миллиард екі жүз алпыс алты миллион үш жүз сексен тоғыз мың екі жүз жетпіс екі) теңге аударсын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1997.09.05.02.

N 1318 қаулысымен. P971318\_

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры бір ай мерзім ішінде алынған комбайндарды пайдалануға беру тәртібін және олар үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен астық жинау техникаларын пайдаланатын мамандандырылған ұйымдардың акы төлеу шартын, сондай-ақ лизинг шарттарындағы тетікті қоса алғанда, Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін тұсken қаражатты одан әрі пайдалануды айқындасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК